

ӨМІРГЕ ҚҰШТАР ӨРНЕКТЕР



Есбай мазары - Қармыс ауылының жанындағы Қармыс өзенінің терістік жақ бетіндегі аласа жонның үстінде. Мазар 1861 - 62 жылдары қаланған. Негізгі қалаушы кім екені ұмытылған. Бірақ, Ақтентек серінің де осы қалаушылар ішінде болғаны ел есінде қалған. Арқаның осы өңірінің мазар қалау үлгісінің ерекше мұрасы.

Мазардың әр қабатының кірпіші өзіндік сәнмен қаланған. Мазардың өрнегіне көз тоқтатып қараудың өзі бір ғанибет. Есбай Кенесарының ағасы Саржанды қолдаған, жігіттерін онымен бірге Қарқаралы казак - орыстарына қарсы ұрыстарға қатынастырып отырған. Саржан төре Есбай ауылына жақын, бүгінде Саржан қонған деген жерде екі жылдай отырып, азаттық ұрысын жүргізген.